

«№2 Жанаөзен Қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы
АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Жанаөзен қаласы

01.08.2025жыл

КІРІСПЕ

**Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын
«№2 Жанаөзен қалалық емханасы».**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі үлгілік қағидаларына (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес «№2 Жанаөзен қалалық емханасы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі – емхана) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді.

Кіріспе бөлім

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау талдау жүргізілді: «№2 Жанаөзен қалалық емханасы» ШЖҚ МКК директорының 24.06.2024ж. №114-Ө бұйрығы негізінде.

Талдау қамтыған кезең: 2024 жыл. Талдау жүргізу мерзімі: 2025 жылғы 1 шілдеден 31 шілдеге дейін.

«№2 Жанаөзен қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жұмыс тобын құру туралы» 6 бұйрығына негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2024 жылғы 01 қаңтар айынан 31 желтоқсан 2024 жыл аралығында жүргізілді.

Ішкі талдаумен ««№2 Жанаөзен қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын 01.01.2024 -31.06.2024 жылдың аралығындағы жұмыс кезеңі қамтылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілді.

«№2 Жанаөзен қалалық емханасы» ШЖҚ, МКК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жұмыс тобы:

Жұмыс тобы мүшелері-

- 1.директордың ішкі аудит ісі бойынша орынбасары - Бисембаева Д.И.
- 2.Утетлеуова С.А- директордың ана мен бала ісі жөніндегі орынбасардың м.а.
3. Мурзағалиева Г. – бас есепшінің м.а.
- 4.Мирзатаева Е.С.-Бас медбике.
- 5.Мамандар бөлімінің басшысы- Мусатаева К.С.
6. Зангер -Нуржауова А.А..

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- 1.Емхана қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2.Емхана ұйымдастырушылық – басқарушылық сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 3.персоналды басқару, оның ішінде СЖТ шалдыққан лауазымдарды мүдделер қалыңысын реттеу;
- 4.мемлекеттік қызмет көрсету;
- 5.рұсат беру функцияларын іске асыру;
- 6.бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 7.бюджет және қаржы-қаражатын игеру және бөлу;
- 8.жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 9.ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыру.

1.Емхана қызметіне байланысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Қызметін қозғайтын құқықтық актілерде, ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

«№2 Жаңаөзен қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны. Мекен-жайы: Жаңаөзен қаласы, Шаңырақш/а, құрылас 48/4.

Кәсіпорын өз қызметінде ҚР Конституциясың "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексің, ҚР Кәсіпкерлік кодексің, ҚР Еңбек кодексің, "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңың, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңың, «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» ҚР Үкіметінің қаулысын, "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы" ҚР Үкіметінің қаулысын, «Медициналық- санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидалары» ҚР ДСМ бұрығымен бекітілген сондай-ақ Кәсіпорын Жарғысын және Ұжымдық шартты тағы да баста нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады. Жарғыға сәйкес, емхананың қызметінің негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау және оның сақталуына кепілдік беру

Осы мақсатқа жету үшін емхана келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- БМСК, амбулаториялық-поликлиникалық және стационарды алмастыратын нысанда білікті медициналық көмек көрсету;
- Ақылы медициналық қызметтер көрсету;
- Диагностика және зертханалық диагностика;
- Сараптамалық медициналық қызмет;
- Фармацевтикалық қызмет;
- Аурулардың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі қызмет.

-Кәсіпорынның қызметін қозғайтын құқықтық актілер, бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, сот актілері зерделенді.

1. Кадрлық саясат және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексінің 21-бабы 1-тармағына сәйкес еңбек қатынастары қызметкер мен жұмыс беруші арасында осы кодекске сәйкес жасалған еңбек шарты негізінде туындайды, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда.

Персонал құрамы. Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңінде емхананың штаттық саны – 446,75 қызметкер, нақты саны – 416 қызметкер, оның ішінде:

* дәрігерлер – 95,25;

* орта медициналық қызметкерлер – 246;

* ММР – 24;

* басқа персонал – 50,75 қызметкер.

2024 жылдағы кадр қозғалысы:

* Жаңа қабылданған қызметкерлер – 45;

* Өз еркімен жұмыстан кеткендер – 48;

* Теріс себептер бойынша жұмыстан босатылғандар – 0

Тәртіптік жауапкершілік. 2024 жылдың 12 айында қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін 45 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Теріс себептер бойынша, соның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жұмыстан босату фактілері анықталмаған. Алайда бұрынғы емхана басшысы Танаева С.Ж. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 189-бабы 3-бөлігінің 1), 2) тармақтарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасауда кінәлі деп танылып, оған ҚК-нің 50-бабының 2-бөлігіне сай мемлекеттік қызметте, судья қызметін, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда, мемлекеттік ұйымдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым сала отырып, 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған. Алайда 2024 жылы үкім заң күшіне енген.

2021 жылғы 01 қыркүйек айында лауазымға Мамандар бөлімінің басшысы- Мусатаева К.С. тағайындалған, кадрлар бөлімінің бастығы лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес жоғары сангер білімі болуы керек, алайда мамандар бөлімінің басшысы - К.Мұсатаеваның жоғарғы сангер мамандығы жоқ. Белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келмейді. Тағайындау кезінде кадр жұмысы басқармасы басшысының орта арнаулы білімі және персоналды басқаруды ұйымдастыруда 2 жыл тәжірибесі бар екені жеке ісін зерттеу нәтижесінде анықталды.

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі инспектордың лауазымдық нұсқаулығына сәйкес қауіпсіздік техникасы жөніндегі инспектор лауазымына жоғары және арнайы орта техникалық білімі, сондай-ақ қауіпсіздік техникасы бойынша оқуы бар адам тағайындалуы керек.

Алайда бұл лауазымға біліктілігіне қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні мамандарға жүктелгені анықталып, бұзушылық жойылды.

Азаматтарды жұмысқа қабылдауы бойынша ҚР Еңбек кодексінің 139 бабына сәйкес, азаматтық қызметке кіру тағайындау тәртібімен не конкурс бойынша жүзеге асырылады делінген осы тұста сыбайлас жемқорлық тауекелі туындайды яғни басшы қалаған адамын конкурсыз тағайындауы мүмкін.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тауекелдерін анықтау

-Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тауекелдеріне шалдыққан лауазымдарды анықтауға байланысты анықталған тауекелдер саны - 0 (бірлік).

Жұмысқа қабылдау кезінде жаңа қызметкер Ішкі еңбек тәртібінің Ережелерімен, Лауазымдық нұсқаулықтармен және оның қызметіне қатысты басқада нормативтік актілермен, кол қойғыза отырып, танысады. Қызметкердің тапсырылатын жұмысқа біліктілігінің сәйкестігін тексеру мақсатында Еңбек шартын жасасу кезінде міндетті түрде сынақ мерзімі туралы талап белгіленеді.

Қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде біліктілік (дипломдар) беріле отырып, жоғары не кәсіптік және техникалық білімінің болуын куәландыратын құжаттар тексерілді.

Талдау барысында анықталған жақын туыстары атқаратын **лауазымға** тікелей бағынатын бос лауазымдарға орналасу кезінде аффилиирлену фактілерін ата — анасы (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата- анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері, жекжаттары деп-ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, ата-аналары және жұбайының (зайыбының) балалары орын алмайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде кәсіпорынға жақын туыстарының бірлескен қызметі (жұмысы) фактілері анықталған жоқ. Мүдделер қақтығысы фактілері жоқ.

Анықталған кемшіліктер

1. Кадр тұрақсыздығының жоғары деңгейі. 2024 жылы өз еркімен жұмыстан кеткендер – 48 адам, қабылданғандар – 45 адам ғана. Шығатын қызметкерлерді сауалнама қағаз түрінде жүргізілгеніне. Кадр бөлімі қызметкерлердің жұмыстан кету себептерін анықтау үшін шығу сауалнамасын жүргізбейді, бұл тұрақсыздықтың алдын алуға кедергі жасайды.

Ұсыныстар:

1. Жұмыстан шығатын қызметкерлер үшін міндетті сауалнама жүргізу рәсімін енгізу;
2. Кадр тұрақсыздығын төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және енгізу;

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Ішкі талдау тексеру нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында мүдделер қақтығысы анықталған жоқ. Жақын туыстары атқаратын лауазымға тікелей бағынатын, бос лауазымар орналасу кезінде қосылу фактілері анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қақтығысын реттеу.

Емхана келесі мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді:

- «Дәрігерді үйге шақыру»;
- «Дәрігер қабылдауына жазылу»;
- «БМСК көрсететін медициналық ұйымға тіркелу»;
- «Психиатрия орталығынан мәліметтер ұсыну»;
- «Наркология орталығынан мәліметтер ұсыну»;
- «БМСК көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беру»;
- «Уақытша еңбекке жарамсыздық парағын беру»;
- «Алдын ала міндетті медициналық тексерулерден өту»;
- «Жедел жәрдем шақыру»;
- «ГОВМП шеңберінде пациенттерді портал арқылы стационарға госпитализацияға жолдама беру»;
- «Көлік құралын басқаруға рұқсат беру туралы анықтама беру»;
- «Жекелеген санаттағы азаматтарға дәрілік заттар, арнайы емдік өнімдер және медициналық мақсаттағы бұйымдар ұсыну»;
- «Санаторлық-курорттық емдеуге мұқтаждық туралы қорытынды беру».

2024 жылы №2 «№2 Жаңаөзен қалалық емханасы» ШЖҚ МКК 457 022 мемлекеттік қызмет көрсетті. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында РПН арқылы мерзімі өтіп кеткен 1163 өтініш тіркеліп, еңбекке жарамсыздық парағын ретроактивті түрде берудің 201 жағдайы анықталды.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Жарғыға сәйкес, емханаға рұқсат беру функциялары берілмеген.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру

Жарғыға сәйкес, емханаға бақылау-тексеру функцияларды жүзеге асырмайды.

6. Бюджеттік және қаржылық қаражатты игеру.

Емхананың қызметі бюджет және қаржылық қаражатты бөлуге бағытталмаған. Жарғыға сәйкес, емхананың қызметі даму жоспарына сәйкес, меншікті кірістер мен бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады. ГОВМП және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) шеңберінде тіркелген халыққа көрсетілетін қызметтер үшін Емханаға **Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры** қаражат аударады. Осы мақсатта мекеме мен Қор арасында медициналық қызметтерді сатып алу туралы шарттар жасалған. Бұл шарттар **қосылу шарты** талаптарына сәйкес күшіне енеді.

2024 жылы ШЖК «Жанаозен қалалық емханасы №2» мемлекеттік сатып алу порталы арқылы 139 шарт жасады, 4-шарт бір жакты бұзылған, қалған шарттар барлығы толық көлемде орындалды. 2024 жылы маусым айында бухгалтерия қызметкерлерінің жалақысы бойынша дебиторлық берешекті зансыз есептен шығару фактілері бар екені анықталды 966164 мың тенге сомасындағы, алайда бұл қаражат аудит тексерісі кезінде қайтарылды. Сонымен қатар 11 жағдайда 2024 жылы негізсіз аударылған сома 447 34,2 мың сомаға анықталған аудит тексерісі барысында. Қазіргі уақытта кәсіпорынның бұрынғы бас бухгалтерлері Г.Сариеваның және А.О.Нарымбаеваның іс-әрекеттері бойынша Маңғыстау облысының прокуратурасы алдын ала тексеру жүргізілуде. Қосымша аппарат (мысалы, **аудиторлық** тексерулердің нәтижелері: есеп комитеті, ІМАК/ІМАД, ішкі аудит қызметі).

Тексеру нәтижелері туралы анықтама:

1. Тиімділік аудиті бойынша 30.06.2024 жылғы № 04-03/941 аудиторлық есеп;

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Емхана мемлекеттік сатып алуды ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына және бекітілген жоспарға сәйкес **веб-портал арқылы** жүргізіледі. Көп жағдайда конкурстық тәсілдер қолданылады:

- баға ұсыныстарын сұрату;
- ашық конкурс.

Егер мемлекеттік сатып алу рәсімдері өткізілмесе, тауарлар, жұмыстар және қызметтер (ТЖҚ) **бір көзден сатып алу** тәсілімен алынады. **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында** мемлекеттік сатып алу процесі электронды түрде жүргізіледі, барлық негізгі рәсімдер автоматтандырылған, адами фактор алынып тасталған.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу Мемлекеттік сатып алу веб-порталында және Кәсіпорынның Интернет—ресурсында орналастырылған бекітілген Мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдері Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық форматта жүзеге асырылады, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабында айқындалған қағидаттарды бақылауға, сондай-ақ веб-порталда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толық және дұрыс аппарат қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағаларына қатынаста мумкіндік береді. Электрондық шарттарды және Мемлекеттік сатып алуды оңайлатуға және ашықтығына бағытталған басқа да бірқатар нормаларды енгізу сыбайлас жемқорлық қауіптерін барынша азайтуға мумкіндік берді. Бұлбағытта сыбайлас жемқорлық қауіптері жоқ. 2024 жылы дәрілік заттарды сатып алуға мемлекеттік сатып алу порталы арқылы шарт жасалмаған.

Тауекел: Мемлекеттік сатып алу заңнамасын бұзу.

Ұсыныс: Мемлекеттік сатып алу заңы бойынша түсіндірме жұмысын жүргізу және оқыту.

-Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бойынша тауекелдер саны -0 (бірлік).

-Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша -сыбайлас жемқорлық тауекелдеріне ішкі талдау жүргізу және НҚА қолдану барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықталған жоқ.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану

Емхана ақпараттық жүйелерді әзірлемейді, бірақ келесі мамандандырылған жүйелерді пайдаланады:

- КМИС Damumed;
- Салық төлеушінің кабинеті – salyk.kz;
- egov.kz;

- goszakup.gov.kz;
- eisz.kz;
- «Амбулаториялық-поликлиникалық көмек» (АПК) порталы;
- Медициналық қызметтердің сапасын басқару жүйесі (МКСБЖ);
- «Стационарлық наукастардың электрондық тізілімі» порталы;
- «БМСК тарифіне қосымша компонент» (СКПН) порталы;
- «Госпитализация бюросы» (ГБ) порталы;
- Ресурстарды басқару жүйесі (РБЖ).

2024 жылғы СКПН бойынша ынталандыру төлемдері медициналық қызметкерлер арасында МЗСР ҚР нормативтік актілеріне және ішкі ережелерге сәйкес бөлінді. Бөлу кезінде нәтижелер мен процестердің көрсеткіштері, сондай-ақ негізгі және қосымша персонал санаттары ескерілді.

Емхана қызметкерлері арасында сауалнама жүргізілді, онда қызметкерлердің көпшілігі көтермелеу ережелерін дұрыс біледі және де қандай жағдайларда қызметкерлер көтермелеуден айырылуы мүмкін екенін түсінірілге СКПН комиссиясымен.

Ұсыныстар:

- СКПН тиімділік көрсеткіштері мен есептеулері туралы ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Пациенттерді стационарға госпитализациялау көрсеткіштері және тәуекелдер.

1. 2024 жылғы ресми деректерге сәйкес, стационарлық госпитализацияға жіберілген пациенттердің жалпы саны – 4 536 адам. Оның ішінде:

2. Нақты стационарға жатқызылғандар – 1581 (барлығы жоспарлы көмек бойынша).

3. Ауруханаға жатқызудан бас тарту – 447, оның ішінде мынадай себептер бойынша:

- шұғыл түрде ауруханаға жатқызылғандар – 32;
- госпитализация кезінде жоспарлы госпитализацияға қарсы көрсеткіш – 6;
- ең аз емтихан өткізілмеген – 13;
- наука ауруханаға жатқызуды келмеді – 75;
- негізгі емес пациент – 8;
- стационарлық көмек көрсетуге көрсетілімдер жоқ – 11;
- Порталға пациент деректерін енгізу кезінде қате енгізу – 277;
- наукастың ауруханаға жатқызудан жазбаша бас тартуы – 18;
- госпитализация процедурасынан тәуелсіз жағдайлар – 7.

Сонымен қатар емханада емханаға жатқызудан бас тартудың алдын алу шаралары жүргізілуде. Атап айтқанда, пациент стационарлық емдеуден бас тартқан жағдайда олардан бас тарту немесе уақтылы жатқызбау себептерін көрсете отырып, жазбаша түсініктеме алынады. Сондай-ақ емдеуші дәрігердің наукасты уақтылы жібермеу фактілері анықталса, медициналық қызметкерден түсіндірме хат алынады. Кейіннен қызметкерлермен тексеру және түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Он жақтарын атап өткен жөн. Атап айтқанда, ауруханаға жатқызуды күту мерзімі 1-3 күнді құрайтыны, бұл қолайлы көрсеткіш екені айтылған. Алдын алу шарасы деп санауға болатын қызметкерлермен түсіндірме жұмыстарының бар екендігі расталды.

Ұсыныс : - бас тартуларға жүйелі түрде ішкі аудит жүргізу;

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

2024 жылғы ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау нәтижесінде МКК ШЖҚ «№ 2 Жаңаөзен қалалық емханасы» қызметінде бірқатар жүйелік және рәсімдік кемшіліктер анықталды, олар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындауына жағдай жасауы мүмкін.

"№ 2 Жаңаөзен қалалық емханасы" ШЖҚ, МКК қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын күшейту және қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары бар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру үшін барлық қажетті шаралар қабылдауды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде тиімділікті арттыру мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеу бойынша СЖТІТ жұмыс тобы келесілерді жүргізуге кеңес береді:

1. Жұмыстан шығатын қызметкерлер үшін міндетті сауалнама жүргізу рәсімін енгізу;
 2. Кадр тұрақсыздығын төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және енгізу;
- Барлық бас тартуларды электронды түрде тіркеу (пациенттің аты-жөні, медициналық ұйым, бас тарту себебі);
 - Бас тартулар бойынша толық аудит жүргізу, жазбаша түсініктемелердің толықтығын тексеру;
 - Мемлекеттік сатып алу шарттарының заңдылығын және адал бәсекелестікті сақтауын бақылауды қамтамасыз ету;
 - КМИС және порталдарға деректерді дұрыс енгізу бойынша бақылауды күшейту;
 - Қателерді түзету тетігін әзірлеу;
 - СКПН тиімділік көрсеткіштері мен есептеулері туралы ақпаратты барлық қызметкерлерге қолжетімді ету.
 - Кәсіпорынның қызметі комплаенс-қызметінің функцияларын жүргізу арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.
 - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын бақылауды және тәуекелдерді бағалауға.
 - Теріс пайдаланудың алдын алуға, сондай-ақ қызметкерлерді оқытуға ерекше назар аударатырып, сыбайлас жемқорлық тәжірибелерінің алдын алуды жүзеге асыру.

Жұмыс тобының мүшелері:

1. Бисембаева Д.И. _____
2. Утетлеуова С.А. _____
3. Мурзагалиева Г. _____
4. Мирзатаева Е.С. _____
5. Мусатаева К.С. _____
6. Нуржауова А.А. _____

Комплаенс жұмысын атқарушы _____ Нуржауова А.А.

КЕЛІСІЛДІ: "№2 Жанаөзен қалалық емханасы" ШЖҚ МКК директоры
_____ Мекебаев М.Д.

«___» тамыз 2025 жыл